

Қосымша білім беру бағдарламасының паспорты
«Тілдің функционалдық стилі»

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	Тілдің функционалдық стилі
2	БББ түрі	Minor қосымша бағдарлама
3	БББ мақсаты	Студенттердің қазақ тілінің функционалдық стильдері саласында білімін, дағдыларын және құзыреттерін қалыптастыру, оған ісқағаздарды жүргізу, редакциялау, стилистика және академиялық жазу дағдылары кіреді. Бұл құжаттарды сауатты рәсімдеуге, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді дайындауға және кәсіби және білім беру ортада тиімді жазбаша қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.
4	ХҚКО бойынша деңгей	6
5	ҰБШ бойынша деңгей	6
6	СБШ бойынша деңгей	6
7	БББ айрықша ерекшеліктері	-
8	Серіктес ЖЖОКБҰ (Бірлескен БББ)	-
9	Құзыреттер тізімі	Қ1 – Ісқағаз жүргізу және ресми жазбаша тіл нормаларын меңгеру. Қ2 – Мәтіндерді редакциялау және стильдік түзету дағдылары. Қ3 – Түрлі жанр мен мақсаттағы академиялық мәтіндерді құра білу. Қ4 – Тиімді жазбаша коммуникация үшін тілдің функционалдық стильдерін қолдану.
10	Оқыту нәтижелері	ОН1 – Ресми және іскерлік құжаттарды әзірлеуде қазақ тілінің нормаларын қолданады. ОН2 – Мәтіндерді логикасын, құрылымын және стильдік ерекшеліктерін ескере отырып редакциялайды. ОН3 – Академиялық мәтіндерді логика, аргументация және рәсімдеу нормаларын сақтай отырып құрастырады. ОН4 – Кәсіби және білім беру ортада тиімді өзара әрекеттесу үшін тілдің функционалдық стильдерін қолданады.
11	Оқыту түрі	күндізгі
12	Оқыту тілі	Қазақша, орысша
13	Кредиттер көлемі	15
14	Пәндер туралы мәліметтер	<i>Қосымша 1</i>

1 Қосымша

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасқан нәтижелер (коды)
Міндетті компонент				
1	Мемлекеттік тілдегі ісқағаз жүргізу	Бұл пән ісқағаз жүргізуде қолданылатын қазақ тілінің нормалары, орфографиясы, пунктуациясы, грамматикасы мен лексикасын зерттейді. Білім алушылар ресми жазба тілінің ережелерін, құжаттарды сауатты рәсімдеу дағдыларын және түрлі функционалдық мақсаттағы мәтіндерді дайындау тәсілдерін меңгереді. Бұл кәсіби қызметте тілдің дәлдігі, айқындығы және нормативтілігін қамтамасыз етеді.	5	ОН1, ОН3, ОН4
2	Редакциялау және стилистика	Бұл пән мәтіндерді редакциялау және стильдік түзету дағдыларын қалыптастырады. Білім алушылар логикалық құрылым қағидаларын, баяндаудың жүйелілігін, стиль мен тілдік көркемдік құралдарды таңдауды меңгереді, мәтіннің оқылымдылығы мен дәлдігін арттыру әдістерін үйренеді. Бұл мемлекеттік тілде сауатты және кәсіби деңгейде рәсімделген құжаттар дайындауға мүмкіндік береді.	5	ОН2, ОН3
3	Академиялық жазу	Бұл пән эссе, мақала, есеп, ғылыми жұмыс сияқты академиялық сипаттағы мәтіндерді дайындауға үйретеді. Білім алушылар академиялық мәтін құрылымдарын, логикалық аргументацияны, сілтемелер мен дәйексөздерді рәсімдеу талаптарын, сондай-ақ идеяларды тұжырымдау және ұсыну әдістерін меңгереді. Бұл мемлекеттік тілде ғылыми және ресми жазбаша коммуникацияны құзыретті түрде жүргізуге мүмкіндік береді.	5	ОН3
Барлығы:			15 кредит	